

01-01-54-760

25

03

03

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының әдіскері

**Ахметова Актоты Жадырасыновна мен**

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

**Коргамбекова Динара Рамазановнаның**

**Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға**

**«арналған жаттығулар мен ойындар» атты әдістемелік құралына**

### **ПІКІР**

Бұл әдістемелік құралда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер үшін жаттығулар мен ойындардың түрлері жинақталған. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да, оның ұшығы болашақ өмірінде жалғасын табады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойындар арқылы бүлдіршіндердің ойлау, сөйлеу қабілеттері дамып, зейіндері толығады, таным түсінігі қалыптасып, білімдері кеңейеді. Түрлі заттар мен құбылыстарды тану арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезінулері ойын әрекетінде жүзеге асады. Жинақта балалардың ой-өрісін дамытуға, тілін жаттықтыруға, тіл байлығын арттыруға арналған ойын-өлеңдер, буын ұйкастарын табу, сөйлем құрау, сауат ашуға тән дыбыстарды айыра білу, жеңіл, қысқа мәтіндерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды оқыту, суреттермен жұмыс сияқты тапсырмалар беріліп отыр.

Ойындардың легі тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін ескере отырып олардың қабілеттерін дамытатын жаңа білім беру бағдарламасына сай құрастырылған. Сөйлеу тілін меңгертудің алғашқы баспалдағы ретінде бүлдіршіннің сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу машықтары мен дамыту бағытындағы және мәтін құрап өзгемен диалогқа түсуді көздейтін жұмыстарға негізделген. Бұл жинақ тапсырмаларын пайдалана отырып бөбектердің ойлау қабілетін дамытып, сөйлеу деңгейін арттырып, шапшаңдылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, сауаттылыққа тәрбиелейді.

Берілген ойындардың легі сауаттылықтың әр түріне қарай жоспарланып,

теориялық және практикалық тұстары айқын көрсетілген.

Әдістемелік құрал бөбекжай тәрбиешілеріне көмекші құрал бола алады.

#### **Пікір беруші:**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Ақтөбе облысы КДИ  
кафедра меңгерушісі п.ғ.к.



Давлеткалиева Е.С.

**ЭРУДИТ**

Исходящие № 336  
от « 3 » 03 2025

Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының әдіскері  
**Ахметова Актоты Жадырасыновна мен**  
Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі  
**Коргамбекова Динара Рамазановнаның**  
**Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға**  
**«арналған жаттығулар мен ойындар»**  
атты әдістемелік құралына

### **ПІКІР**

Бұл әдістемелік құралда мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі тәрбиеленушілер үшін жаттығулар мен ойын түрлері жазылған. Әдістемелік құралдағы ойындарды сөйлеудің сауатты жағдаяттылығы, алдында және артындағы айтылған жалпы ойға байланыстылығы, алдын ала дайындықсыз іске асатын сөйлесім әрекетінің түрі екені ескерілген. Берілген ойындардың легі сауаттылықтың әр түріне қарай жоспарланып, теориялық және практикалық тұстары айқын көрсетілген.

Ойындар арқылы бүлдіршіндердің ойлау, сөйлеу қабілеттері дамып, зейіндері толығады, таным түсінігі қалыптасып, білімдері кеңейеді. Түрлі заттар мен құбылыстарды тану арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезінулері ойын әрекетінде жүзеге асады.

Ойындар арқылы айналаны, қоршаған ортаны - адамдардың қимылын іс-әрекеттерін түсіне отырып соған бейімделетін әдістер қарастырылған. Ойын процессінде сөйлесу қарым- қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысуы, ойынның түпкі ниетімен мазмұнын анықтай алады. Ойындардың түрлерін қолдану арқылы олардың өзара келісімге келуін, көңілін көтеруі жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы ретінде назарға алған.

Ойын тапсырмалары қызықты сюжетті суреттермен әрленіп, буындар, сөздер, қайталауда аса қатты қызығушылықты тудыратыны ойластырылған.

Бүлдіршіндердің ойын арқылы үйренген білгендерін күнделікті өмірде тиімді қолдана алатындарына негіз бар. Балаларға көркем эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы боп танылады.

Әдістемелік құрал мектепке дейінгі мекеме ұйымдарының тәрбиешілеріне көмекші құрал бола алады.

### **Пікір беруші:**

«Ментор» әдістемелік орталығының әдіскері



Нурбергенова С.Т.

**ӨRLEU**

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**Mentor**

әдістемелік орталық

«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ  
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ

Ахметова А.Ж., Коргамбекова Д.Р.

**БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН  
ДАМУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР  
МЕН ОЙЫНДАР**  
(әдістемелік құрал)

Ақтөбе - 2025

**«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ**  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ**  
**«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

*Ахметова А.Ж., Қорғамбекова Д.Р.*

**БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫҒА**  
**АРНАЛҒАН ЖАТТЫГУЛАР МЕН ОЙЫНДАР**

(әдістемелік құрал)

**АҚТӨБЕ**  
**2025**

ӨЖ:376.37  
КБЖ:63.3

«Mentor» әдістемелік орталығының сараптау кеңесінің №1 кезегімен шешімінің негізінде баспаға ұсынылды.

**Пікір беруші:**

**Давлеткалиева Е.С.** – «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Нурбергенова С.Т.** - «Mentor» әдістемелік орталығының әдіскері

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар / әдістемелік құрал: **Ахметова Ақтоты Жалырасыновна** - Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының әдіскері, **Корғамбекова Динара Рамазановна** - Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі. – Ақтөбе: «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Кәсіби даму институты / «Mentor» әдістемелік орталығы, 2025 ж. – 39 б.

Бұл әдістемелік құралда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар мен ойындардың түрлері жинақталған. Ойындар арқылы бұлдршілердің ойлау, сөйлеу қабілеттері дамып, зейіндері толығады, таным түсінігі қалыптасып, білімдері кеңейеді. Түрлі заттар мен құбылыстарды тану арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты сезінулері ойын әрекетінде жүзесте асады. Жинақта балалардың ой-өрісін дамытуға, тілін жаттықтыруға, тіл байлығын арттыруға арналған ойын-өлеңдер, буын ұйкастарын табу, сөйлем құрау, саяуат ашуға тән дыбыстарды айыра білу, жеңіл, қысқа мәтіндерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды оқыту, суреттермен жұмыс сияқты тапсырмалар беріліп отыр.

Әдістемелік құрал тәрбиешілерге көмекші құрал бола алады.

© «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты  
«MENTOR» әдістемелік орталығы

**КІРІСПЕ**

Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі. Ойын—баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән—мағынасы ерекше. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет.

Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Өр ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойлаудың барлық түрлерінің дамығаны жақсы. Бұл кезеңде бейнелі және схематикалық ойлау маңызды ролді атқарады, сол себептен ең бастысы ойлаудың осы түрлерін зерттеу керек. Бір ғана сөздік-логикалық ойлауға арналған тест арқылы ойлау іс-әрекетін анықтап, бала заттың сыртқы бейнесіне немесе схемасына қарамай, сөздік логикалық операцияларға негізделу арқылы ойлау іс-әрекетінің ішкі жоспарынан сыртқы жоспарына өту кезінде жіберілген қателіктерді білуге болады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойлау мен қабылдаудың даму деңгейіне диагностика жүргізген кезде заттарды тексеру барысында мынадай қателіктерге назар аудару қажет. Яғни бала затты жеке емес тұтас алып қарастырады. Сол себептен заттарды көп уақытты алады, ал бейнелерді жүйелеу қиынға соғады. Баланың қабілеті дұрыс қабылдамауының негізі оның жүйесіздігінде, яғни баланың міндетті түрде заттарды қолдарымен ұстап, бір-біріне тигізіп, салыстырып қорылуы қажет.

Балалардың сенсорлық эталондары дұрыс дамымаған, яғни олар мөлшер, түс, форма секілді түсініктерді білмейді ол 3-4 жаста қалыптасады.

Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап

көрсетеді. Ойынның ережелері ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы ол қарсы мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады. Ойынның негізгі мақсаты - баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті - сол ойын түрлерін пайдалана отырып, балаларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Дұрыс ұйымдастырылған ойын әрекеті балалардың өзара қарым-қатынасын дамытумен бірге мұқтажықтарын қанағаттандыратын істерді жүзеге асыруға дағдыландырып, пайдалы және өнімді әрекеттер жасауға баулиды.

Ойынның сюжеті, мазмұны – бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым - қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір. Ойынның мазмұны мен ережесін, өзінің ойындағы рөлін пайдаланып, ойнаушылардың ынтасын басып тастамай, әлеппен ойынның барысын, олардың өзара қарым - қатынасын бағыттап отырады. Өзі де сол рөлге қатыса алады. Ойын оқу үстіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықшылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай , өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рөлдік, драмалық, дидактикалық, құрлыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

**Сюжетті-рөлдік ойындардың** ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті –рөлдік ойында бейнелеу құрлыс рөл мен ойын әрекеттері болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы, «Дүкен» ойынын ойнағанда сатушымен сатып алушының әрекеттерін, ал «Аурухана» болып ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттерін еліктейді. Педагог өткізілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалын бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлдік ойындарына одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс. Сюжеттік-рөлдік ойындарды балалар өз беттерімен үш-төртеуі бірігіп ойнай береді. Бірақ олардың сюжетті өрбіте алмай, қарапайым ғана ойнап, әрі қарай не істерлерін білмей дағдаратын кездерін жиі байқауға болады. Соған орай тәрбиешінің міндеті - бастапқы кездері басшылық жасай отырып, ойынды өз мәнінде ойнай білуге үйрету. Ол үшін сюжетті-рөлдік ойындарды талдап, ойнау жолдарын қалай кеңейтуге болатынын жан-жақты ойластырған жөн.

**Драмалық ойындарда** мазмұн, рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына шарттас болады. Ол

сюжетті –рөлді ойынға ұқсас. Драмалық ойында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек. Ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

**Дидактикалық құрлыс ойыны** – балалар әрекетінің біртүрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрлыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрлыс ойыны бір жағынан сюжетті - рөлді ойынға ұқсас келеді және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу – қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер, т.б. ірі құрлыстар салады. Құрлыс ойындарында олар қоршаған заттардың, құрлыстардың көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге өздерінің шығармашылық ойын, жобалық міндеттердің өзіндік шешімін енгізеді.

**Дидактикалық ойын** балаларға мейліне тән оқыту формасы болып табылады. Оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсеге үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр. Мысалы, «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» - деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қою. Ойын міндеті - қалпақ астында не бар екенін білу.

Қазақ халқының тарихында **ұлттық ойындардың** көптеген түрлері балалық, жеткіншектік, жасөспірімдік шақтағы балалар тәрбиесіне пайдаланылады. Ал қазіргі кезде ұлттық ойындардың көпшілігі тәлім - тәрбие саласында зор педагогикалық құралға айналады. Ойын тек қана көңіл көтеру, көңілін шаттандыру ғана емес, ол өзінше ерекше қазақ халқының әлеуметтік өміріне байланысты тәрбиелік мағынасы зор жеке адамның дамып жетілуіне, қалыптасуына әсер етуші факторлардың бірі болған. Ұлттық ойын түрлері өскелең ұрпақтың көңіл көтеруі, ойын – сауық пен шұғылдануымен ғана шектелмейді, олар сол халықтың салт - санасын, дәстүрін, тұрмысын жағдайын білдіретін әрекетті көрсетеді. Кез келген ойынның түр сипаты - халықтың тіршілік тынысын бейнелейтін құбылыс. Мысалы, қазақтың «Көкпар» ойыны бір жағынан, халықтың әдет-ғұрыпын, салтын білдіретін болса, ал екінші жағынан адамның дене шынықтырып, ой-әрекетін дамытатын дәстүр болған. Ал «Ақсүйек» ойыны түнгі мезгілде балалардың байқампаздық қабілетін дамытуға әсерін тигізеді. Міне осындай түрлі ойындар арқылы халқымыз өз ұрпағын ойшылдыққа, тапқырлыққа, шеберлікке, дәлдік пен мергендікке тәрбиелеп отырған. Сондай - ақ ойын барысында бала қатар құрбыларымен қарым - қатынас жасау нәтижесінде жеке басының қасиеттерін дамыту мүмкіндіктеріне ие болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Балабақшадағы балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйретуге отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - тіл дамытудың негізгі бір міндеті болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамытуда төмендегі міндеттер басшылыққа алынады:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
  - жаңа сөздерді меңгерту, мағынасын түсіндіру;
  - үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру;
- Осы аталған міндеттерді логопед үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, тандап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорын дамыту жұмысын ұйымдастыруда ойын ең негізгі орын алады. Оқу қызметін ұйымдастыруда танымды және дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда логопед өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Логопед балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын

ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта», «Күн мен түн».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орындау қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу қызметі үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

**Пайдаланылған әлебиеттер**

- 1) Ұ.Төлсіпова «Ойын арқылы тәрбиелеудің маңызы» «Бастауыш мектеп» №7, 2015 жыл
- 2) «Отбасы және балабақша» журналдары 2014 жыл, 2017 жыл
- 3) «Отбасы және балабақша» журналы №4, 2015 жыл
- 4) «Дамыта оқыту технологиясы» Бисенбаева Әлия. Алматы 2008ж
- 5) «Бала мен балабақша.» С.Т.Шатенова Республикалық педагогикалық журнал № 12, 2013
- 6) С.О.Рахманова «Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту.» Мектепке дейінгі білім –тәрбие әдістемесі:журналы 2012ж №5
- 7) А.О.Орманова «Ойын әрекетінің тиімділігі» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал № 12, 2014
- 8) А.Т.Жанәбілов «Ойын ойнау арқылы тәрбиелеу» жинақ.2015ж
- 9) К.О.Төлегенова «Ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеу моделі» Педагогика журналы 2016ж №8

*Ахметова А.Ж., Қорғамбекова Д.Р.*

**БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА  
АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР МЕН ОЙЫНДАР**

(әдістемелік құрал)

**«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ  
«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**